

ПРЕЗЕНТАЦИЯ



**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
нышандары.**

**ҚР Қарулы Күштерінің нышандары және
Әскери бөлімнің жауынгерлік туы**

Орындаған: Низамиддин М.

Тобы: ФК-15-4к2

Қабылдаған: Пернебаева П.



**Қазақстан-көк байрағы желбіреген
тәуелсіз мемлекет**



ҚР Конституциясы 34 бап. 2 бөлім. Әркім Республикасының мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті.

Қ.Р Конституциясы 36 бап. 1 бөлім. Қ.Р қорғау – оның азаматының қасиетті парызы және міндеті.



**1992 жылы 4-маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер:
Елтаңба, Ту, Гимні бекітілді.**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы



Елтаңбаның негізгі арқауы болып тұрған-шаңырақ.

Шаңырақ-киіз үйдің күмбезі. Ол күн бейнесін, уықтары одан тарап жатқан алтын сәулелерді елестетеді. Елтаңбадағы тұлпар бейнесі-дала Пырағы, оның ғажайып шапшаңдығы ер жігітті жеңіске, тәуелсіздік-ке, бостандыққа жетелейді.

Елтаңбаның маңдайшасына бесбұрышты жұлдыз – таңмен бірге туатын Шолпан жұлдызының белгісі. Халқымыздың “Бағымыз ашылып, жұлдызымыз жарқырай берсін” деген асыл арманынан туған.

Елтаңбаның төменгі бөлігінде-ел аты “Қазақстан” деген жазу бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасының авторлары — *Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов.*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көгілдір түсті. Тудың көгілдір түсі ашық аспанды еске түсіреді. Ашық аспан бейбітшіліктің, аманшылықтың, белгісі болған.

Күннің нұр шұғылалы алтын бейнесі-байлық пен берекенің, тыныштықтың нышаны.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туындағы дала қыраны-ның бейнесі –қазақстандықтардың еркіндігінің, тәуелсіздігінің, бостандығының, жомарттығы мен қырағылығының нышаны.

Өрнек-белгілі дәуірдің өзіне тән қолтаңбасы, ол халықтың көркемдік талғамының көрсеткіші.

*Мемлекеттік туының авторы - суретші **Шәкен Ниязбеков***

Қазақстан Республикасының Гимні.

1956 жылы жазылған, толықтырулар және енгізулермен, өлеңді мемлекеттік Гимн деңгейіне жеткізген "Менің Қазақстаным" әйгілі әні 2006 жыл 7 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Гимні болды. ҚР Президенті Гимн мәтініне түзетулер енгізгеннен кейін авторы болып көрсетіледі. Ресми рәсімдерге Гимнді орындауда кеуденің сол жағына оң қолдың алақаны тұрып қоса тіркеуі керек.

Әні: композитор Шәмші Қалдаяқов

Сөзі: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан

Назарбаев

Мемлекеттік гимн.

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қ а й ы р м а с ы.
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досыңдай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері



Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері



Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-теңіз күштері



Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери бөлімінің Жауынгерлік Туы



- Әскери бөлімнің Жауынгерлік туы-
- әскери бөлімнің еңбегін айқындайтын,
- сондай-ақ оның ҚР Қарулы Күштеріне жататынын көрсететін ерекше құрметті белгі.
- Әскери бөлімнің жауынгерлік туы- жауынгерлік ар- намыстың, айбын мен данқтың нышаны ретінде батырлық дәстүр мен қасиетті борышты еске түсіруге қызмет етеді.
- Жауынгерлік туды әскери бөлім құрылған кезде ҚР Президентінің атынан ҚР Қорғаныс министрлігінің, басқа да әскери құрылымдардың өкілі тапсырады. Әскери бөлімге жауынгерлік ту берілу кезінде ҚР Президентінің Грамотасы қоса беріледі. Жауынгерлік ту әскери бөлімде, атауы мен нөмерінің өзгеруіне қарамастан, барлық қақытта беріледі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. АӘД оқулығы 10 сынып. Авторлары: Қ. Аманжолов, А. Тасболатов, Д. Майхиев, Б. Аманжолова. 2010жыл « мектеп» баспасы.
2. АӘД журналы №1, 2010 жыл,.
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 ҚР мемлекеттік нышандары туралы Конституциялық заңы.
4. ҚР Конституциялық заңы.